

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Д.Құрманбек атындағы
№20 колледж



УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Колледж №20 имени
Д.Курманбека

160700, Отырар ауданы, Шауілдір ауылы,
Д.Алтынбеков көшесі, 32
Тел. 21-9-48, 21-9-58
ИИК KZ25563X350000017300
БИК KPSTKZKA, код 2613560

160700, Отрарский район, с. Шаульдер,
ул. Д.Алтынбекова, 32
Тел. 21-9-48, 21-9-58
ИИК KZ25563X350000017300
БИК KPSTKZKA, код 26135

№ 08

10.01.2024г

Түркістан облысы білім
басқармасының басшысы
Г.Джумашевқа

Түркістан облысы білім басқармасының 13.03.2023-ғы №28-08—08/4062 шығыс хатына байланысты «Білімді ұлт сапалы білім беру» ұлттық жобасындағы 2025 жылға дейін 9-шы сынып түлектерін тегін ТЖКББ-мен камтуды 100% ұлғайту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы негізінде өңірдегі барлық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары 2024-2025 оқу жылына талапкерлер мен ата-аналар үшін кәсіби бағдар беру жұмыстарын жан-жақты, тиянақты жүргізуді тапсырған болатын. Осыған байланысты Д.Құрманбек атындағы №20 колледж ұжымы педагогикалық кеңес өткізіп, арнайы жұмыс жоспары жасалып, бекітілді.

Сонымен бірге аудандық білім бөлімі және колледж арасында арнайы **Меморандумға** қол қойылып, бекітіліп тараптардың міндеттері мен құқықтары айқындалды. Колледжде кәсіптік бағдар беру жұмысы жоспарлы түрде жыл бойы жүргізіледі. Кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі мақсаттары мынадай: болашақ талапкерлер ішінен колледжге қабылдау барысында сапалы таңдау жасау; колледждегі мамандықтарды насихаттау, мектеп оқушылары арасында кәсіби бағдар жүргізудің жүйесін құру.

Жоспарға сәйкес колледж инженер-педагог кадрлары 13 ауыл әкімшіліктерінде орналасқан 30 жалпы және негізгі орта мектептерге бекітіліп, үгіт-насихат жүргізу топтары құрылды. Кәсіптік бағдар беру жұмысын тиімді жүргізу мақсатында мамандықтар бойынша жарнамалық бейнероликтер мен слайдтар, үлестірме материалдар даярланды. Үгіт-насихат тобы мектеп бітіретін 9 және 11 сынып түлектерімен кездесу өткізіп, колледждегі мамандықтар туралы презентациялар көрсетіліп, оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Сондай-ақ, мектепшілік мамандық таңдау кештеріне колледж оқытушылары қатысып, ата-аналар мен бітіруші түлектерге колледждегі оқытылатын мамандықтар туралы ақпараттар берілуде.

Колледжде «Ашық есік» күнін ұйымдастыру, мектептердің 9-11 сынып бітірушілері колледждің материалдық-техникалық базасымен таныстыру, қазіргі кезеңге дейінгі жеткен жетістіктері және оқытылып жатқан мамандықтар бойынша мағлұматтар беру жоспарлануда.



Колледж директорының м.у.а

Н.Айтуреев